



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қараша айында инфляция Қазақстанның 10 өңірінде жеделдеді

Астана қ.

2024 жыл, 17 желтоқсан

Қараша айында елде жылдық инфляция баяулап, **8,4** құрады (қазанда – 8,5%). 10 өңірде жылдық инфляция жеделдеді, 9 өңірде баяулап, 1 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында тіркелді.

Қарашада **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 5,4%-ға дейін жеделдеді (қазанда – 4,9%). Осы топтағы тауарлар бағасы Жетісу облысында (7,9%) барынша жоғары, ал Түркістан облысында (3,2%) мейілінше төмен өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 8,0%-ға дейін жеделдеді (қазанда – 7,8%). Ең жоғары мән Түркістан облысында (13,3%), ең төменгі мән Павлодар облысында (5,1%) тіркелді.

Қарашада **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 13,3%-ға дейін баяулады (қазанда – 14,3%). Сонымен қатар жалпы республикалық деңгейден баға Астана қаласында (16,2%) біршама жоғары, Түркістан облысында (9,4%) айтарлықтай төмен өсті.

Қарашада ел бойынша **айлық инфляция 0,9%-ға** өсті, бұл – бұрынғы орташа мәнінен жоғары (2017-2021 жылдардағы қазанда – 0,8%).

Толық ақпарат Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz